

Пресс-релиз

Астана қ., 30 желтоқсан 2013 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясын қайта құруы аяқталғаны туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ 2013 жылы 30 желтоқсанда Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясын қайта құруы аяқталғаны туралы хабарлайды. Қасымов ат. МАС «Кеңқияқ-Атырау» магистральдық мұнай құбыры арқылы Атырау-Кеңқияқ бағытына қарай жылына 4 млн. тонна мөлшерінде мұнайды тасымалдау техникалық мүмкіндігін қамтамасыздандыру мақсатымен жасалған (жеңіл мұнай үшін).

«ҚазТрансОйл» АҚ «МұнайТас» СБҚК» АҚ бірлесіп «Кеңқияқ-Атырау» МҚ өткізу қабілетін ұлғайту бойынша бірнеше жобаларды жүзеге асыруын жоспарлап жатыр. Соның ішінде, қазіргі уақытта 663 км МАС-ты қайта құру және кеңейту жобасы жетілдірілген және Аман МАС-ын салу жобасы дайындалып жатыр. Осы жобалардың жүзеге асырылуы «Кеңқияқ» БМАС-тың бағытына қарай өткізу қабілетін жылына 6 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік туғызады. Келесі кезеңде мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 12 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік туғызатын жаңаларды салу және қолданыстағыларды қайта құру және кеңейту бойынша қосымша жобалар жүзеге асырылады.

Атырау облысында орналасқан Қасымов атындағы МАС (бұрын Атырау МАС) «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Атырау мұнай құбыры басқармасының құрамына кіреді. Қасымов атындағы МАС 1969 жылы қолданысқа енгізілді.

Қазіргі уақытта Қасымов ат. МАС Қазақстанның барлық кен ошақтарынан мұнай қабылдауды («Өзен-Атырау», КҚК, «Мартыши - Атырау», «Кеңқияқ - Атырау» магистральдық мұнай құбырларынан және теміржолдар арқылы түсетіндерден), «Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырлары арқылы кейін айдауды, Атырау МӨЗ-ге жеткізуді, КҚК мұнай құбыры жүйесіне ауыстырып құюды және теміржолдар арқылы жіберу үшін құюды жүзеге асырады.

Акцияларының 51% «ҚазТрансОйл» АҚ-да, ал 49% CNPC Exploration and Development Company Ltd» ЖШС-дағы «МұнайТас» СБҚК» АҚ «Кеңқияқ - Атырау» МҚ-на иелік етеді. «Кеңқияқ - Атырау» МҚ Кеңқияқ БМАС - Қасымов ат. МАС бағыты бойынша жобалық өткізу қабілеті жылына 6 млн. тоннаны құрайды.

Инвесторлармен байланыс қызметі**«ҚазТрансОйл» АҚ**